

Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 26 тамыздағы N 808

Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1998 жылы Көкшетау аудандық N 2 қазандығының құрылысын 52 (елу екі) млн. теңгеге қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы ақпараты назарға алынсын.

2. "1998 жылы республикалық бюджеттің есебінен қайтарымсыз негізде қаржыландырылатын өндірістік мақсаттағы және әлеуметтік салалар объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 наурыздағы N 193 P980193_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген 1998 жылы республикалық

бюджеттің есебінен қайтарымсыз негізде қаржыландырылатын өндірістік мақсаттағы және әлеуметтік салалар объектілерінің тізбесінде:

1) "Ауыл шаруашылығы" деген тарауда;

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн. теңге)" деген бағандағы "552" деген сан "441" деген санмен ауыстырылсын;

12-тармақта:

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн. теңге)" деген бағандағы "30" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын;

"Қуаты" деген бағандағы "2,8" деген сан алынып тасталсын;

"Іске қосылу мерзімі (жыл)" деген бағандағы "1998" деген сан алынып тасталсын;

13-тармақта:

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн. теңге)" деген бағандағы "35" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

"Қуаты" деген бағандағы "3,5" деген сан алынып тасталсын;

"Іске қосылу мерзімі (жыл)" деген бағандағы "1998" деген сан алынып тасталсын;

14-тармақта:

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн. теңге)" деген бағандағы "35" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

"Қуаты" деген бағандағы "3,5" деген сан алынып тасталсын;

"Іске қосылу мерзімі (жыл)" деген бағандағы "1998" деген сан алынып тасталсын;

15-тармақта:

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн. теңге)" деген бағандағы "35" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

"Қуаты" деген бағандағы "3" деген сан алынып тасталсын;

"Іске қосылу мерзімі (жыл)" деген бағандағы "1998" деген сан алынып тасталсын;

17-тармақта:

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн.теңге)" деген бағандағы "5" деген сан "2" деген санмен ауыстырылсын;

"Қуаты" деген бағандағы "3" деген сан алынып тасталсын;

"Іске қосылу мерзімі (жыл)" деген бағандағы "1998" деген сан алынып тасталсын;

2) "Коммуналдық құрылыс" деген тарауда:

"1998 жылға баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн.теңге)"

деген бағандағы "347" деген сан "458" деген санмен ауыстырылсын;

"N 2 аудандық қазандықты кеңейту және қайта жаңарту, Көкшетау қаласы" деген жолдарда:

"1998 жылғы баға бойынша күрделі қаржының көлемі (млн.теңге)" деген бағандағы "347" деген сан "458" деген санмен ауыстырылсын;

"Қуаты" деген бағандағы "100" деген сан "200" деген санмен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі